

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

**Конференция атауы:**

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

**Название конференции:**

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

**Conference name:**

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

**Жинақ / сборник:**

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

**ISBN:**

978-601-262-550-9

**Секция:**

IV.II «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН-АДАЛ АЗАМАТ»: ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТ-БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ

**Жинақтағы жариялану нөмірі:**

№ 63

**Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:**

293 / 293-296

**Автор(лар):**

Муслимова Аигерим Рахметоллаевна

**Мақала атауы:**

ЖАЗАНЫ ЖЕҢІЛДЕТУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

**ЖАЗАНЫ ЖЕЦІЛДЕТУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ****Муслимова Аигерим Рахметоллаевна**[muslimova.aigerim@inbox.ru](mailto:muslimova.aigerim@inbox.ru)

7M04201 Құқықтану ББ 1 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, философия докторы (PhD), қауымд. профессор м.а. – **Кулбаева М.М.**

Әділ заңдар - заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді, басшылықтың билігін және азаматтардың толығымен құқықтық түсінігін, қоғамның дамуы, тұрақтылығы, оның саяси және экономикалық жүйесі, мемлекеттік аппараттың тиімділік дәрежесін анықтайды. II ғасырдың шетел философ-тарихшысы Эпиктеттің «Ең жақсы заңдар- әділ заңдар» деген қанатты сөзі қазіргі уақытта өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Қылмысты соның ішінде қайталанатын қылмыстарды болдыртпау және алдын алу кезінде маңызды рөлді қоғамдық құндылықтарды қорғайтын қылмыстық құқықтың негізгі құралы қылмыстық жаза атқарады. Жазалау, басқаша айтқанда жазаға тарту қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыратын басты формасы, сонымен қоса, құқықтық нормалардың талаптарына сәйкес азаматтардың іс-әрекетін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты, құқық қағидаттары мен нормаларына сәйкес кінәлі тұлғаны жауапкершілікке тарту мәселесі ҚР Қылмыстық кодексімен ғана айқындалатынын негізге алуға болады. Жаза қылмыстық жауапкершіліктің нысаны болса, қылмыстық жаза құқық бұзушылықты жасады деп танылған адамға қатысты мемлекеттің атынан жасалған қоғамның кері әсері болып табылады. Құқықтық теория бойынша жазаны әр түрлі аспектіде қарастырады. Мысалы, құқықтық институты ретінде, қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асыру нысаны ретінде, қылмыстық алдын алу факторы ретінде. Жазаның заңға сәйкес мәнін сипаттап, басқа да құқықтық мәжбүрлеу шараларынан ажыратуға болатын жаза белгілері заңнамалық анықтамадан туындайды.

ҚР заңнамасы негізінде қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін құқық бұзушыға қолданатын жаза түрлері көрсетілген. Қылмыстық кодекстің 3 бөлімінде жаза ұғымы, оның түрлеріне заңи түсініктеме берілген. Яғни, жаза дегеніміз- сот үкімімен тағайындалған мәжбүрлеу шарасы (ҚР 39 бабы 1 бөлігі). Ал, құқық бұзушылық жасады деп танылған кінәлі адамға жасалған бұзушылығына қарай айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, азаматтығы жоқ адамды ҚР шегінен тысқары жерге шығару, қылмыс болса бас бостандығынан шектеу, бас бостандығынан айыру жазалары қарастырылады. [1]

Негізінен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары ҚР Конституциясының 10-33 баптарымен бекітілген. Алайда, Ата заңымыздың 39 бабы 1 тармағына сәйкес, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары конституцияның құрылымдарын қорғау, қоғамдық тәртіпті, адам құқықтарын, бостандықтарын, халық денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына байланысты қажеттілік шамасында ғана заңмен шектелуі мүмкін. [2].

Осы шектеуді жүзеге асыратын, яғни жазаларды тағайындауға байланысты Жоғарғы Соттың «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері» туралы №4 нормативтік қаулысын қарастыруға болады. Қаулы негізінде, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кінәлі тұлғаның қоғамға қауіптілік дәрежесін, сонымен қатар құқық бұзушылық жасаған кездегі мән жайлардың жиынтығын, айыптау шығаруда сот ескереді. Сот өкілі сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жаза түрі мен мөлшерін белгілеу үшін, сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін, еңбекке, білімге көзқарасын, бұрын соңды сотталғандығы немесе сотталмағандығын, отбасылық жағдайы жөнінде барлық ақпараттарды анықтауы қажет. [3] ҚК-нің 54 бабының бөлігінде көрсетілгендей, сотталушының маскүнемдікке салынуы, қоғамдық тәртіпті бұзуы, отбасы мен жұмысына, оқуына көзқарасы тағы сол сияқты мән-жайлар жаза тағайындау кезінде ескеріледі, алайда жауаптылық пен

жазаны ауырлататын мән-жайлар ретінде танылмайды. Жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар айыптың мазмұнына енгізіледі (ҚПК-нің 299 бабы 3 бөлігі 4 тармағы). Сондықтанда, сот айыптау актісінде көрсетілмеген, жауаптылықты ауырлататын мән-жайлардың бар болуы үкімде белгілеп көрсетсе, ҚПК-нің 340 бабының талаптарына сай сотталушының жағдайын ауырлатады және де сот талқылауының шегін бұзу болып табылады. [1].

«Жазаны жеңілдету және ауырлату» және «қылмыстың қоғамға қауіптілігі» сияқты ұғымдар жөнінде түсініктердің тығыз байланысын атап өту керек. «Қылмыстың қоғамға қауіптілігі» және «қылмыс құрамы» өзара қатар жүреді. Адамның іс әрекетінде қылмыс құрамының барлық белгілері болған жағдайда ғана негіз болып табылады. Қылмыскердің қылмыстық жауапкершілікке тарту және соның салдарынан, мөлшері өзгеруі мүмкін.

Жаза тағайындау туралы түсінік бойынша заңнамада ашық көрсетілген. Жалпы «жаза қалай тағайындалады?», «қандай заңнамаға негізделеді? Соның ішінде жазаны жеңілдету тәртібі қалай жүзеге асырылады?»- деген сұрақтарға толығырақ тоқталу қажет. Жаза тағайындаудың жалпы негіздерінде қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көрсетіліп және Жалпы бөлігінің ережелерін ескеріп, әділ жаза тағайындалады. Ал осы әділ жаза сот арқылы жүзеге асырылады, яғни дәлірек айтқанда, ҚР Конституциясының 75 бабы негізінде сот билігін тек қана сот жүзеге асырады. Азаматтардың қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін тағайындалатын жазаның мәні туралы түпкілікті қорытынды жасау тек сот құқылы болып келеді. Сот өз билігін Қазақстан Республикасы атынан жүзеге асырып, тағайындалған жаза түрі Қылмыстық кодекстің санкциясымен бекітілген шектерде заңнама негізінде қолданылады. [2]. Демек, заң аясында жаза тағайындау құқықтық тәртіптің және қылмысқа қарсы күресте маңызды болып келеді. Сотпен шығарылған үкім барлық мемлекет органдарында, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, заңды тұлға, лауазымды тұлға және азаматтар үшін міндетті әрі мүлтіксіз орындалуы тиіс, Қылмыстық процесстік кодекстің талаптары толық сақталуы қажет. Яғни, жоғарыда көрсеткендей, сот жаза тағайындау кезінде заңдылық, адамгершілік, әділеттілік, жазаны даралау секілді принциптерді басшылыққа алады. Демек, осы орайда ҚК-нің 52 бабының мағынасы туындайды. [1].

Жаза түрі мен мөлшерін таңдау жөнінде мәселені шешу кезінде сот бірнеше фактілерді анықтайды. Біріншісі, заң бұзушылық қылмыс немесе қылмыстық теріс қылыққа жататындығын (ҚК-нің 10 бабы, 2,3 бөліктерінің белгілері), іс әрекеттің не әрекетсіздіктің формальді белгілері бола тұра, елеусіз не қоғамдық қауіп төндірмесе, ҚК-нің 10 бабы 4 бөлігінің белгілерін анықтайды. Екіншіден, қоғамдық қауіптілікті болдырмауға мән-жайлардың бар немесе жоқтығын анықтауға, үшіншіден, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылықтан босату негіздерінің болмауын анықтауға және жазадан босатылуы тиіс негіздерді анықтайды. Төртіншіден, қылмысты жасау ниетінің жүзеге асырылу дәрежесін, оның соңына дейін жеткізілмеу себептерін ескеріп, адамның қылмыс жасауға қатысу дәрежесін ескереді. Сонымен қатар, соттар әртүрлі жаза түрлерін қолдану тәртібін қатаң сақтайды. Құқықтық тұрғыдан алғанда, істің мән-жайы толық, объективті, жан-жақты зерттеліп, қылмыстық құқық бұзушылық дұрыс сараланып, кінәлі деп танылған адамның жеке басын, жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды негізге ала отырып, әділ жаза тағайындалуы қажет. Мысал ретінде, ҚПК-нің 438 бабының 1 бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы және сотталған адамның жеке басына сәйкес келмейтін жаза, ол жаза тағайындаудың жалпы бастауларын есепке алмай тағайындалған және ҚР ҚК-нің тиісті баптарындағы санкциясымен шектелмесе, түрі мен мөлшері тұрғысында тым жұмсақтық немесе шектен тыс қатандық танытса, жаза әділетсіз тағайындалды деп есептелінеді. Демек, әрбір кінәлі адам өзіне ылайықты деп саналатын жазаның түріне тартылуы керек. (1).

«Сот үкімі туралы» ҚР Жоғары Сотының №4 нормативтік қаулысы бойынша, сот үкімі қылмыстық іс бойынша бүкіл іс жүргізудің қорытындысы шығарылатын құқық қолданудың аса маңызды актісі болып табылады.

Жазаны жеңілдету тәртібіне келсек, барлық қылмыс санаттары бойынша жеңіл жаза тағайындалуы мүмкін емес. Бұл орайда, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы, қоғамға қауіптілік дәрежесі, қылмыстық қайталануы сияқты факторлер негізге алынады. Өйткені, шамадан тыс жұмсақ жаза қылмыскер үшін де, халыққа да биліктің әлсіздігі, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жазасыздығы туралы теріс пікірлер әсер етуі мүмкін. Яғни, әділетсіз деп танылған жаза басқа да жағымсыз салдарларға әкеліп соғуы ықтимал. Жазаны, ең бірінші, сотталған адам, одан кейін басқа адамдар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың заңды салдары ретінде түсінуі керек.

Ізгілендіру принципін басшылыққа ала отырып, жаза тағайындау кезінде кінәлі деп танылған сотталушының отбасы, оның асырауындағы адамдардың өмір сүру жағдайларына әсерін тигізу ықтималын ескеруі керек. Алайда, бұл мән-жайлар барлық қылмыс санаттарына қолданыла бермейді. Мәселен, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп танылған кінәлі адамға жазаның шамадан тыс жеңілдету ізгілендіру принципіне жатпайды. Кейбір жағдайларда, жазаның түрі мен мөлшері кінәлі тұлғаның жынысы, жасы, денсаулық жағдайы әсер етеді. ҚР Жоғары Сотының жоғарыда талған нормативтік актінің 3 тармағына былай көрсетілген: «сот қабылдаған шешімдердің мазмұнын толық ашуға ықпал ететін үкімнің процестік нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды регламенттемейтін процестік нормаларды сақтау маңыздылығына соттардың назары аударылсын. Ол нысаны мен мазмұны бойынша ҚПК-нің 395, 396, 397, 399, 400, 401 баптарының талаптарына сәйкес келуі тиіс». [4].

Ал, кәмелет жасына толмаған адамға жаза қалай қолданылады? Заңнама негізінде, яғни, ҚК-нің 82 бабында, кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындауда сотпен мән-жайдан басқа, оның өмір сүру жағдайын, тәрбиелену жағдайын және психикалық даму деңгейін, жеке басының өзге де ерекшеліктері мен жасы үлкен адамдардың әсерін ескеріледі деп көрсетілген.

Егерде, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаның қоғамдық қауіптілік дәрежесінің елеулі түрде төмендетілгенін куәландыратын мән-жайлар болатын болса, онда оған қылмыстық жауаптылығы пен жазаны жеңілдетуге жататын мән-жайларды жатқызуға болады.

Сонымен жазаның қандай да бір түрін тағайындау барысында, сот таңдалған жаза түрі мен мөлшерінің сотталған адамға жеткілікті ме, жоқ па және оның әсерін болжайды. Жазаны жеңілдету мән-жайлары ҚК-нің 53 бабымен негізделген. Бапта көрсетілгендей, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар дегеніміз қылмыстық құқық бұзушылық және оны жасаған кінәлі деп танылған адамның жеке басының қоғамға қауіптілік дәрежесінің елеулі түрде төмендетілгенін айқындайтын мән-жайлар түсіндіріледі. Осы бапта көзделген мән-жайлар бойынша сот балама санкция кезінде ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігіндегі бабының санкциясы аясында көзделген жазаның неғұрлым қатаң немесе ең төменгі мөлшерін тағайындауға құқылы. Сонымен қатар, ҚК-нің 55 бабына сай, жеңіл жаза тағдауға және ҚК-нің 63 бабына сәйкес шартты түрде соттауға, ҚК-нің 74,76 баптарына сәйкес жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдануға құқылы. Алғаш рет қылмыстық теріс қылық немесе алғаш рет онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаса, кінәлі тұлғаның қоғамға қарсы тұрақты түрде қылмыстық құқық бұзушылық болмаса, заң шығарушы мұндай адамдарды бұрын қылмыстық құқық бұзушылық жасамаған адамдардың қатарына жатқызады. Сонымен қатар, мазмұны жағынан кездейсоқ жағдайлар кезінде, мысалы, адам жасаған іс әрекетінде қауіптілік дәредесі туралы жаңылысуы, қылмыс жасап жатырған адамның не бір компанияда кездейсоқ бір рет болуы, кінәлі адамның мінез құлқына тән емес әрекет (қоғаммен жақсы мінезделетін, жұмсақ мінезді болған, адал жұмыс істеген, үй иесі болған) жатады. Осыған байланысты, заң шығарушы кінәлі тұлғаға қатысты шешім шығарған кезде, төменде көрсетілген үш шарт орын алғанда жазаны жеңілдете алады. Біріншісі, бірінші рет қылмыс жасаса, екіншісі жасалған қылмысы ауыр емес немесе ауырлығы орташа санатқа жатса, үшіншіден, кездейсоқ жағдайлардың салдарынан қылмыс жасаса. Сонымен қоса, жазаны жеңілдету кәнілінің кәмелет жасқа толмауы, жүкті болуы, кінәлінің жас балаларының болуы, жәбірленушіге қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін қандай да бір көмек көрсету, қылмыс нәтижесімен келген залалды өз бетімен өтеу, жеке басының,

отбасының немесе өзге де ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан не жанашырлықпен қылмыстық құқық бұзушылық жасау, күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде не материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділікке байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау, жәбірленушінің әдепсіздігі немесе құқыққа қайшылығы әсерінен құқық бұзуға себеп болған, кінәлінің қылмыс жасағанына шынайы өкінуі, кінәсін мойындап келуі, қылмысты ашуға, қылмысқа қатысты адамдарды әшкерелеуге, қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде мүлікті іздестіруге белсенді ықпал ету секілді факторлар әсер етеді. Осы көрсетілген жағдайлар жазаны жеңілдететін мән-жайлардың толық тізімі емес, сондықтан ҚК-нің 53 бабының 2 бөлігіне сәйкес жаза тағайындау кезінде түсіндірілетін баптың 1 бөлігінде көзделмген мән-жайлар да жазаны жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескерілуі мүмкін. [1].

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, (электронды нұсқада) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы (электронды нұсқада) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
3. ҚР Жоғарғы Соттың 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері» туралы №4 нормативтік қаулысы (электронды нұсқада) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>
4. ҚР Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі «Сот үкімі туралы» №4 нормативтік қаулысы (электронды нұсқада) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000004S>
5. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне түсіндірме, жалпы бөлім (Борчашвили И.Ш) Алматы «Жеті жарғы» 2021